

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Басқармасының  
2012 жылғы 16 қарашадағы  
шешімімен мақұлданған,  
№ 130/5 хаттама

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2012 жылғы 10 желтоқсандағы  
шешімімен бекітілген,  
№ 12/2012 хаттама

**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ  
КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КОДЕКСІ**

## МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ.....	3
Кіріспе .....	3
Мақсаттар.....	3
Міндеттер.....	3
Кодексті қолдану кезеңі және оған өзгерістер енгізу тәртібі .....	3
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР .....	3
3. ҚМГ КӘЖ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	4
3.1. ҚМГ КӘЖ және тұрақты даму саласындағы қызметінің қағидалары.....	6
4. ҚМГ КӘЖ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ .....	6
4.1. Әлеуметтік әріптестік қағидаларының негізінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын тиімді реттеу .....	6
4.2. Кадрларды оқыту және дамыту жүйесін құру .....	8
4.3. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті, еңбек және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету .....	8
4.4. Әлеуметтік жобаларды іске асыру саласындағы бірыңғай саясатты анықтау .....	9
4.5. Бірыңғай коммуникациялық желі құру .....	10
5. КӘЖ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ЕСЕПТІЛІК ЖҮЙЕСІ .....	10
6. ҚМГ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ	11
7. ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	11
ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ .....	11

## **1. Жалпы ереже**

### **Кіріспе**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі-ҚМГ) Даму стратегиясына сәйкес әзірленген және оны қолдау мен ҚМГ стратегиялық мақсаттарын іске асыруға-құнды арттыруға, тиімді инвестициялық портфель қалыптастыруға, басқару тиімділігін арттыруға бағытталған.

### **Мақсаттар**

Осы Кодекстің мақсаты ҚМГ-ның КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы қызметінің ұстанымдарын жүйелендіру болып табылады. Кодекс ҚМГ барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы басқару тиімділігін арттыруға және унификациялауға ықпал етуге тиіс.

### **Міндеттер**

Осы Кодекстің мақсаты:

- ҚМГ КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы қызметінің жалпы қағидалары мен басым бағыттарын анықтау болып табылады, бұл КӘЖ және Тұрақты даму саласында мақсат пен міндет қоюға, сондай-ақ тиісті қызмет тиімділігін бағалауға негіз болады;
- ҚМГ КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы негізгі бағыттарын айқындау.

### **Кодексті қолдану кезеңі мен оған өзгерістер енгізу тәртібі**

Осы Кодекс 2012-2022 жылдар аралығында қолданылатын нормативтік құжат болып табылады.

Осы Кодекс ҚМГ Басқармасының шешімімен мақұлданады және ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

## **2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

Осы Кодексте мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:

**Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ)** – бұл мүдделі тараптармен тұрақты іс-қимыл негізінде іске асырылатын және қаржылық емес тәуекелдерді азайтуға, имидж бен іскерлік беделді ұзақ мерзімді жақсартуға, сондай-ақ табыстылық пен Тұрақты дамуды қамтамасыз ететін капиталдандыру мен бәсекеге қабілеттікті дамытуға бағытталған сабақтас экономикалық, экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жүйесі.

**Тұрақты даму** – болашақ ұрпақтардың болашақтағы <sup>1</sup> қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне қауіп төндірместен бүгінгі күннің қажеттіліктерін қанағаттандыратын даму.

**ӨҚЕҚОҚ**- өрт, атқыламаға қарсы, теңіз қауіпсіздігі мәселелерін, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оған ден қоюды қоса алғанда, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау.

**Мүдделі тараптар (Стейкхолдерлер)**- мүдделері ҚМГ қызметінің шеңберінде білдірілетін, олардың ҚМГ қызметінің кейбір аспектілеріне қатысты заңды талаптары бар немесе бар деп санайтын жеке және заңды тұлғалар.

**Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл** – Мүдделі тараптарды өз қызметіне тарту үшін іске асырылатын рәсімдер мен процестер.

**ЕТҰ** – ҚМГ еншілес және тәуелді қоғамдары, оның ішінде бірлескен бақылаудағы ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындар.

**ҚНҚ** - қызметтің негізгі көрсеткіштері.

**GRI басшылығы**- GRI есептілігі бойынша Ғаламдық бастамамен әзірленген Тұрақты даму саласындағы есептілік бойынша басшылық (3.1-нұсқа).

**Тұрақты даму саласындағы есептілік (қаржылық емес есептілік)** – бұл осы саясатта айқындалған мәселелер мен мүдделі тараптарды алаңдататын басқа да мәселелер спектрі жөніндегі жүйелі есептілік дайындау жолымен тұрақты даму саласындағы қызметті ақпараттық көрсету.

**БҰҰ Ғаламдық шарты** - БҰҰ іскер қауымдастықпен жауапты корпоративтік басқару, іскер топтардың жаһанданудағы неғұрлым күрделі проблемаларды шешуге қатысуын қамтамасыз ету әдістерін енгізуге жәрдемдесу жөнінде жасасқан ерікті шарты.

**ISO 14001 стандарттары** – қоршаған ортаны қорғау саласындағы ISO стандарттары.

<sup>1</sup> Брундтланд комиссиясының «Біздің ортақ болашағымыз» баяндамасы”, БҰҰ (1987, 1989 – орысша аудармасы).

**SA 8000 стандарты** – еңбек қатынастары саласындағы кәсіпорындарды сертификаттау стандарты.

**ISO 26000 стандарты**- әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ISO стандарттары.

**AA1000APS стандарты** – бағыныстылық қағидалары стандарты. Компаниялардың тұрақты даму саласындағы неғұрлым маңызды проблемаларды мойындауы мен анықтауына және оларға ден қоюға негіз болып табылады. AA1000 сериялы басқа стандарттар осы стандарт қағидаларына негізделеді және оларға қол жеткізуге бағытталады.

**AA1000AS стандарты** – есептерді растау стандарты. Растаушы ұйымдарға бағынысты компания AA1000APS стандартының негізгі қағидаларына сәйкестік деңгейін бағалау әдістемесін ұсынады.

**AA1000SES стандарты** – мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандарты. КӘЖ саласындағы тиімділікті арттыру бойынша басқарылатын, болжанылатын және тұрақты нәтижелерге қол жеткізу мақсатында мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесін ұйымдастыру бойынша бағыттар береді.

**Қаржылық емес есептерді қоғамдық куәландыру** – компаниялардың корпоративтік стратегияда бизнесті жауапты жүргізу қағидаларын іске асыру туралы ақпаратты тәуелсіз куәландыру құралы, қоғамның компанияға сенімін арттыруға ықпал етеді. Куәландырудың осы нысанының дербес маңыздылығы бар және есеп бойынша кәсіби аудиторлық қорытындының болуына немесе болмауына қарамастан талап етіледі.

**Қаржылық емес есептілікті куәландыру** - GRI, AA1000APS басшылығымен белгіленген критерийлерге сәйкестікке қаржылық емес есептілік аудиті.

**ҚМГ әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты дамуының жол картасы (ӘЖТДЖК)** – ҚМГ-да әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты дамуды біріктірілген басқару жүйесін енгізу жоспарын іске асырудың процестік бағдарламасы.

**ӘЖТД** – әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму.

### **3. ҚМГ КӘЖ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАРЫ**

#### **3.1. ҚМГ КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы қызметінің қағидалары**

ҚМГ КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы қызметі мынадай жалпы қағидаларға құрылған:

- **Тәуекелді азайту.** ҚМГ қызметкерлерін, клиенттерді, әріптестерді, жеткізушілер мен мердігерлерді, жергілікті қауымдастықтарды және басқа да Мүдделі тараптарды қоса алғанда, негізгі Мүдделі тараптар (Стейкхолдерлер) үшін бизнес жүргізудің теріс салдарларын азайтуға бағытталған жұмыс.

- **Пайданы арттыру.** Акционерлерге және басқа да Мүдделі тараптарға пайда әкелетін жобаларға инвестиция салу арқылы әлеуметтік және экономикалық дамуға жәрдемдесу. Жоғары қаржылық нәтижелерді ұстап тұру акционерлер алдындағы бастапқы міндеттеме болып табылады.

- **Негізгі Мүдделі тараптар (Стейкхолдерлер) алдында есеп беру және жауапкершілік.** Мүдделі тараптармен ашықтық пен жариялықты білдіретін сенімгерлік қарым-қатынас құру. Стейкхолдерлерді корпоративтік іс-қимыл кодексін әзірлеуге тарту және оны практикада іске асыру.

- **Жүйелілік.** Корпоративтік басқару жүйесінде КӘЖ функциялары мен бағыттарын іске асыру тиімділігін қамтамасыз етеді.

- **Интеграциялылық.** ҚМГ КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы қызметін жоспарлау және халықаралық стандарттарға негізделген біріктірілген басқару жүйесін құру жолымен өзінің күнделікті қызметінде КӘЖ және Тұрақты даму қағидаларын енгізуге ұмтылады.

- **Кешенділік.** Тұрақты дамудағы үш бағыт: экономика, экология және әлеуметтік саясат бойынша ҚМГ бір мезеттегі қызметін үйлестіруге, сондай-ақ бизнес этикасына бағытталған.

- **Әлеуметтілік.** Жалпы қоғамға немесе оның маңызды бір бөлігіне және тобына бағыттылық.

- **Инновациялылық.** ҚМГ ішіндегі және одан тыс КӘЖ іс-шаралары мен технологиялары.

- **ҚМГ осы саладағы барлық іс-қимылының және оның қаржылық емес есептілігінің ашықтығы.** ҚМГ Мүдделі тараптарды өз қызметінің барлық аспектілері туралы ақпараттандыру арттыруға және олар ұсынған ақпараттың дұрыстығын, мазмұндылығын және жеделдігін қамтамасыз етуге ұмтылады. Осы мақсатта ҚМГ-да тәуелсіз аудиторға тексеруге ұсынылатын қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау жүргізіледі, корпоративтік сайтта ақпарат жарияланады, түрлі қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылады.

▪ Мүдделі тараптар (стейкхолдерлер) және жалпы қоғам алдында есеп беру, сондай-ақ өзі қабылдаған міндеттемелер мен қабылданған стандарттарға сәйкестік.

▪ Тұрақтылық, ашықтылық және диалог негізінде барлық Мүдделі тараптармен (Стейкхолдерлер) өзара іс-қимыл.

▪ Өзінің әлеуметтік жауапкершілігінде, оның ішінде қаржылық емес есептілікте айқындалған бағыттар бойынша Мүдделі тараптардың (стейкхолдерлер) бағасына, сыни ескертулеріне және болжамдарына ден қою.

▪ Қаржылық емес есептілікті қоғамдық куәландыру.

ҚМГ БҰҰ-ның барлық деңгейдегі бизнеспен ынтымақтастық үшін мойындалған құндылықтарға негізделген Біріккен Ұлттар Ұйымы бастамашы болған Ғаламдық шартқа қосылды.

ҚМГ өзіне мынадай қағидаларды орындауға міндеттеме алады:

1) адам құқығын сақтау саласында:

халықаралық қауымдастық жариялаған адам құқығын қорғауды қолдау және сыйлау;  
адам құқығын бұзуға қатыспауды қамтамасыз ету.

2) еңбек қатынастары саласында:

қауымдастықтар бостандығын қолдау және ұжымдық шарттар жасасуға құқықты нақты мойындау;

мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысанын жоюға қатысу;

еңбек және еңбекпен шұғылдану саласындағы теңсіздікті жоюға қатысу;

қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды қамтамасыз ету, сауықтыру бағдарламаларын жүргізу және қызметкерлерді әлеуметтік қолдау;

қызметкерлерді ынталандыру және әлеуметтік қолдаудың тиімді жүйесін құру, қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін көтеру;

кадрлық резервті қалыптастыру және дамыту;

корпоративтік мәдениетті дамыту;

әлеуметтік әріптестік қағидасын іске асыру.

3) қоршаған ортаны қорғау саласында:

қоршаған ортаға теріс әсер ету салдарларының алдын алуға ықпал ету;

қоршаған орта жай-күйіне жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар көтеру;

экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту мен қолдануға жәрдемдесу;

энергияның балама көздерін пайдалану, электр тұтынуды төмендету және энергия тиімділігін арттыру бойынша бастамаларды қолдау;

4) сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында::

қорқыту мен пара алушылықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысанына және басқа да заңға қайшы іс-әрекеттерге қарсы тұру;

адал бәсекелестік қағидаларын сақтау.

5) қоғаммен өзара іс-қимыл саласында::

құпия ақпаратты қоспағанда, қоғамға кез-келген ақпараттың ашықтығы, әділдігі және қолжетімділігі қағидаларын қамтамасыз ету;

барлық мүдделі тараптармен диалогты жүзеге асыру және мүдделер балансы негізінде тиімді өзара іс-қимыл жасау;

өз құзыретінің шеңберінде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесу;

демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету, қайырымдылық іс-шаралар өткізу;

Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын күшейтуге үлес қосатын жауапты салық төлеушінің беделін ұстау.

б) тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірушілердің, жеткізушілердің және тұтынушылардың құқықтарын сақтау саласында:

жасалған шарттардың талаптарын сақтау;

тұтынушыларға/клиенттерге қызмет көрсету және ҚМГ көрсетін қызметтер сапасының деңгейін тұрақты көтеру;

әлемдік бизнесті ұйымдастыру практикасына сәйкес озық технологиялар мен процестерді енгізуге ұмтылу;

ҚМГ қызметін жетілдіру және тиімділікті арттыру құралы ретінде инновация енгізу мүмкіндігін қарастыру;

инсайдерлік ақпаратты пайдалануға салынған тыйымды сақтау;

барлық әлеуетті жеткізушілерге «Самұрық-Қазына» АҚ мүгедектер ұйымдары тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдарын (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар-мүгедектер), отандық тауар өндірушілерді, отандық кәсіпкерлерді қолдау шартымен сатып алу процесіне қатысуға тең мүмкіндік беру.

#### **4. ҚМГ КӘЖ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ**

Тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында КӘЖ саласындағы мынадай негізгі бағыттарды ерекше көңіл бөлінетін болады:

##### **4.1. Әлеуметтік әріптестік қағидаларының негізінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын тиімді реттеу**

**Мақсаты:** Теңдік, қауіпсіздік және адамның ар-намысын сыйлау шартымен лайықты және өнімді еңбекке мүмкіндікті қамтамасыз ету, тиімді кадр саясатын жүргізу және әлеуметтік-еңбек қатынастарының позитивтік моделін құру.

##### **Негізгі міндеттері:**

##### **Еңбекақы төлеу және еңбекке ынталандыру саясаты**

Қызметкерлермен қарым-қатынаста еңбекақы төлеу және еңбекке ынталандыру саясатының негізгі сипатын ескере отырып, ҚМГ оны мынадай қағидаларға сүйене отырып құратын болады:

қабылданған реттеуші құжаттар мен ҚМГ қызметкерлері үшін еңбекақы төлеудің тетіктерінде еңбекақы төлеу және еңбекке ынталандыру саясатын бірыңғайландыру;

өмір сүредуге негізгі қажеттіліктерді және жергілікті жағдайларды ескерумен белгілі бір табысты беру есебінен туындай отырып, заңнамамен белгіленген еңбекақының барынша аз көлемінен асатын деңгейде қызметкерлердің барлық кәсіби-біліктілік топтарына еңбекақы төлеудің кепілдендірілген деңгейін белгілеу;

қызметкердің білімі мен еңбек өтіліне, оның жауапкершілік деңгейіне, жұмыстың қиындығы мен көлеміне байланысты еңбекақының әділ және бәсекеге қабілетті деңгейін белгілеу;

бөлімшелер ішінде және арасында еңбекақының әділ және келісілген көлемдерін қамтамасыз ету;

қызметкерлерге еңбекақы төлеу объективтілігі және оларды еңбекке ынталандыру, республикалық деңгейде бәсекеге қабілеттігі;

әрбір қызметкердің жеке еңбекүлесін толық есепке алу мақсатында сыйақы берудің икемді жүйелерін пайдалану.

##### **Негізгі еңбек жағдайларын жетілдіру**

ҚМГ ҚМГ-да барлық жұмыс орнында қауіпсіз және эргономикалық ұйымды және санитарлық-гигиеналық жағдайды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Осы бағыт бойынша ҚМГ қызметі мыналарды қамтиды:

қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау;

қызметкерлердің жұмыс орындарын ҚМГ стандарттарына сәйкес келтіру;

жергілікті нормативтік құжаттар әзірлеу және корпоративтік стандарттарға сәйкес келтіру үшін вахталық кенттер мен бригадардың қолдау базаларын жақсарту бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ ҚМГ стандарттарына сәйкес жаңа объектілер салу.

##### **Денсаулық сақтау**

Әрбір қызметкердің физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау мен күшейту мақсатында ҚМГ мынадай жұмыстар жүргізеді:

қызметкерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз ету;

қызметкерлердің ауру, ҚМГ-да мүгедектік алу және қаза болу себептерін оларды жою жөніндегі шаралар қабылдау мақсатында есепке алу мен талдауды ұйымдастыру;

еңбекті қауіпсіз ұйымдастыруды қамтамасыз ерту жөніндегі шараларды уақтылы жүзеге асыру үшін ҚМГ қызметкерлерінің еңбек жағдайларының мониторингін жүргізу;

жүкті әйелдердің, бала емізетін әйелдердің, көп балалы аналардың құқықтарын мақсатты және мамандандырылған қорғауды бақылауды жүзеге асыру.

### **Жас қызметкерлерге қатысты тиімді саясат жүргізу**

ҚМГ тұрақты дамуының білікті және уәкілетті жас қызметкерлердің ағынына байланысты екенін ескере отырып, ҚМГ мынаған бағытталған саясатты тұрақты жүргізеді:

ҚМГ қажеттілігін қанағаттандыру үшін дарынды мектеп түлектерін Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарында мұнай-газ саласы мамандықтары бойынша оқыту;

жас мамандарды тарту мақсатында кадрларды және кадрлық резервті ротациялау бағдарламасын әзірлеу;

ұстаздық мектебін ашу.

### **ҚМГ дамыту және мүмкіндіктерінің деңгейіне сәйкес әлеуметтік саясат жүргізу:**

Осы бағыт бойынша ҚМГ қызметі мыналарды қамтиды:

#### **Тұрғын үй саясаты және кредит беру саясаты**

Қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешу өзектілігін ескере отырып, ҚМГ мынадай қағидаларға сүйене отырып тұрғын үй саясатын қалыптастырады:

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен қаржы институттары арқылы ҚМГ әрбір қызметкеріне тұрғын үйді кредитке беруді және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету;

ҚМГ қызметкерлері үшін ипотекалық кредит беру ставкасын оңтайландыру үшін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде депозиттік қаржы түрінде кепіл беру.

#### **Корпоративтік әлеуметтік қамтамасыз ету және сақтандыру**

ҚМГ мынадай нысандарда қосымша корпоративтік әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамтамасыз етуді қолдайды:

ерікті медициналық сақтандыру;

қызметкерлердің жеке зейнетақы жинақтауларын қалыптастыруға үлестік қатысуын дамытуға жағдай жасау;

өмірді жеке сақтандырудың корпоративтік жүйесі.

Корпоративтік жүйе шеңберінде жеке сақтандырудың барлық түрі қаржыландыру жұмыс берушінің қаржысының есебінен жүзеге асырылатын өндірістегі жазатайым оқиғалардан қосымша сақтандыруды қоспағанда, қызметкердің оларды қаржыландыруға үлестік қатысуы арқылы жүргізіле алады.

Сонымен қатар ҚМГ қызметкерлерге оларды сақтандырушылық жабу мен сақтандыру қызметтері нарығында олардың мүдделерін қорғау үшін өтеусіз ақпараттық және консультативтік қызмет көрсетеді.

#### **Сауықтыру, спорт, дене шынықтыру және демалыс ұйымдастыру**

Салауатты өмір салтын дамыту мен қолдауға жәрдемдесе отырып, ҚМГ қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру және оларды спортқа тарту жөніндегі кешенді бағдарламаларды іске асырады, салауатты өмір салтын жүйелі түрде насихаттайды және қызметкерлер арасында медициналық іс-шаралар жүргізеді, санаториялық-курорттық емделуге жолдама береді, қызметкерлердің ауру себептерін талдайды.

#### **Еңбек және отбасылық міндеттердің үйлесімділігі**

Адам үшін еңбек және отбасылық міндеттердің үйлесімділігінің маңыздылығын мойындай отырып және өз практикасында Халықаралық Еңбек Ұйымының № 156 Конвенциясын сақтай отырып, ҚМГ отбасылық жағдайға байланысты қысқа мерзімді еңбек демалысын беру, қызметкерлердің отбасы мүшелерінің қатысуымен корпоративтік мерекелер жүргізу және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша қосымша міндеттемелер алады.

**Әлеуметтік диалогты, еңбек ұжымымен кері байланысты күшейту, әлеуметтік әріптестік қағидаларының негізінде Мүдделі тараптармен конструктивтік өзара іс-қимылға жағдай жасау:**

Осы бағыт бойынша Компания қызметі мыналарды қамтиды:

кәсіподақтармен қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын және лайықты еңбекақы деңгейін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл, кәсіподақтардың тиісті ұсынымдарын есепке алу;

демалыс және қызметкерлерді сауықтыру мәселелерін және қызметкерлерге түрлі әлеуметтік жеңілдіктер берумен байланысты басқа да мәселелерді бірлескен талдау жүргізу;

әлеуметтік дау-дамайлар туындау мүмкіндігін барынша азайту мақсатында кәсіподақтармен бизнесті қайта құрылымдау және персонал санын оңтайландыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл;

ұжымдық шарттар жасасу.

*Корпоративтік мәдениетті жетілдіру*

Осы бағыт бойынша ҚМГ қызметі мыналарды қамтиды:

Корпоративтік іс-қимыл кодексін сақтау;

ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесін құру және дамыту;

Іскерлік этика кодексін және оны орындау жүйесін енгізу;

қызметкерлер арасында ҚМГ беделін қалыптастыру мен күшейту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру;

ҚМГ қызметкерлері мен басшылығы арасында кері байланыс жүйесін қамтамасыз ету және дамыту.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша бірыңғай әдістемелік ұстанымдарды ескере отырып, жыл сайынғы персоналды тартуды зерттеу және «Персоналды тарту дәрежесі» КД жақсарту жөніндегі шараларды қабылдау;

ҚМГ болжамдық әлеуметтік Картасы бойынша жағдай мониторингі.

## **4.2. Кадрларды оқыту және дамыту жүйесін қалыптастыру**

**Мақсаты:** Ұлттық кадрлардың бәсекеге қабілеттігін арттыру

**Негізгі міндеттері:**

Ұлттық кәсіби біліктілік жүйесінің шеңберінде кәсіби стандарттар дайындау. Кәсіби стандарттар білім беру мекемелерінде мамандар дайындауда қолданылатын білім беру стандарттарына бағыт бола алады.

әлеуметтік-еңбек қатынастары субъектілерінің құқықтық сауаттылық жүйесін енгізу;

еңбек ресурстарын жоспарлауды енгізу;

қызметкерлердің барлық санатын оқыту және кәсіби дамыту;

кәсіп бағыттау жұмыстарын жүргізу, дуалды оқыту жүйесін енгізу, превентивтік шаралар, қиын жағдайлардағы келіссөздер техникасы саласында компания басшылары мен қызметкерлерін оқыту;

оқу орталықтарын жаңғырту;

инновацияға жағдай жасау.

ұлттық кадрлардың бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында ҚМГ:

ұлттық кәсіби біліктілік жүйесінің, дуалды оқыту жүйесін енгізу шеңберінде кәсіби стандарттардайындау жолымен қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту жүйесін құрады.

қызметкерлерге қосымша кәсіби білім алу мүмкіндігін береді.

әртүрлі деңгейдегі басшы позицияда ҚМГ кадрлық резервін арнайы оқыту бағдарламасын жүргізеді.

## **4.3. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету**

**Мақсаты:** Қоршаған ортаға теріс әсер етуді барынша азайту, денсаулық сақтау, қызметкерлер еңбегінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

**Негізгі міндеттері:**

қоршаған ортаны аялау;

қызметкерлерге қолайлы, дұрыс және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, өндірістік жарақаттану мен аурулардың алдын алу;

еңбек қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы нормалар мен стандарттарды сақтау;

есептілік жүйесін енгізу.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әлемнің озық компаниялары деңгейінде ҚМГ барлық бөлімшесінде мынадай шаралар қабылданады:

өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау басымдығы қағидасын сақтауды қамтамасыз етеді;

басқару жүйелерін енгізуді, жұмыс жай-күйінде ұстауды және оларды халықаралық стандарттардың (OHSAS 18001, ISO 14001) талаптарына сәйкестендіруді қамтамасыз етеді;

ҚМГ үшін жұмыс жүргізетін мердігерлердің өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидалар мен нормаларды ҚМГ көздеген деңгейде сақтауларын бақылайды;



жұртшылықты қоса алғанда, барлық мүдделі тараптармен ашық диалогты қолдайды, бұқаралық ақпарат құралдарында, ҚМГ веб-сайтында ҚМГ табиғат қорғау қызметінің нәтижелерін тұрақты жариялайды, қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды;

ӨҚЕҚОҚ саласында қызметкерлерді тұрақты және жүйелі оқытады, оның ішінде ықтимал авариялық жағдайларды жою бойынша практикалық сабақтар мен жаттығулар жүргізеді;

технологиялық жабдық сенімділігін арттыру, оның қауіпсіз және авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізеді;

ӨҚЕҚОҚ саласындағы заңнаманың сақталу мониторингін жүргізеді, жоба алды және жобалық құжаттама дайындау сапасын көтереді, мемлекеттік сараптамадан өткен жобаларды іске асырады;

кез-келген жобаны іске асыру алдында, сондай-ақ жобаның өмірлік циклі ішіндеа ӨҚЕҚОҚ саласындағы тәуекелдерді алдын ала бағалайды;

авариялық жағдайлар салдарларын жою жөніндегі шаралардың басымдығын сақтайды және авариялық жағдайлардың алдын алу жөніндегі қолжетімді және іс жүзінде іске асырылатын шаралар кешенін жүзеге асырады;

авариялық жағдайлар туындаған кезде барлық мүмкін шараларды қабылдайды және қызметкерлердің, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау мақсатында олардың салдарларын жұмсарту үшін барлық қолжетімді ресурстарды пайдаланады;

қызметкерлерден ӨҚЕҚОҚ саласындағы ҚМГ стандарттары мен нормаларын сақтауды талап етеді.

#### **4.4. Әлеуметтік жобаларды іске асыру саласында бірыңғай саясатты анықтау**

**Мақсаты:** Өмір сүру сапасын көтеру

**Негізгі міндеттері:**

ұзақ мерзімді перспективада бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасау;

әріптестік қағидаларының негізінде Мүдделі тараптармен ынтымақтастық.

ҚМГ ашықтық, диалог, өзара іс-қимыл және әріптестік, жариялылық, қаржылық тұрақтылық қағидаларын басшылыққа ала отырып, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуде бірыңғай саясат жүргізеді, қызметкерлердің ерікті негізде қайырымдылық қызметіне қатысуын қолдайды.

ҚМГ қызметті жүзеге асыру аумағында жағдайға әлеуметтік жауапкершілікті қабылдайды, сонымен қатар ҚМГ жергілікті биліктің қамдастық өміріне жауапкершілігін ауыстырмайды және алып тастамайды.

КӘЖ байланысты бағдарламалар мен жобаларды жобалау мен іске асыру кезінде ұзақ мерзімді перспективада бизнесті Тұрақты дамытуға қолайлы жағдайды қамтамасыз ету туралы қамқорлық басты ынталандыру болуы тиіс.

Осыған орай, көмек көрсетудегі негізгі бағыттарды анықтайтын, ақша қаражатын тиімсіз пайдалануды болдырмайтын, сондай-ақ халық пен ҚМГ имиджі үшін іске асырылған жобалардан барынша тиімді нәтижеге қол жеткізуге ықпал ететін әлеуметтік жобаларды іске асыру жөніндегі бірыңғай саясат жетілдіріледі.

##### *Демеушілік және қайырымдылық көмек*

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін тани отырып, ҚМГ демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету үшін қолда бар барлық мүмкіндікті пайдаланады.

ҚМГ демеушілік және қайырымдылық қызметі мыналарға негізделеді:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаржы шығыстаудағы ашықтық пен жариялылық. Көмек алушылар бөлінген қаржының мақсатты жұмсауды бақылауға мүмкіндік беретін есеп ұсынуға тиіс;

көмек алушылар тиісті есеп ұсыну есебінен бөлінген қаржының мақсатты пайдаланылуын бақылау.

ҚМГ бюджеттік ұйымдарға, саяси партияларға, сондай-ақ діни мекемелерге немесе қандай да бір конфессияны немесе дінді қолдауға бағытталған қызметке көмек көрсетпейді.

Қайырымдылық көмек әлеуметтік мәселелерді шешуге және/немесе әлеуметтік әлсіз топтарды қолдауға бағытталуы тиіс, сондай-ақ – кейбір жағдайларда – қиын жағдайға тап болған нақты адамдарға көмек көрсетіледі.

##### *Жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау*

ҚМГ ҚМГ-ның зейнаткерлікке шыққан қызметкерлерін әлеуметтік қолдау бойынша

міндеттеме алады, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелерінің, мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні қарсаңында, мерейтойларда, санаториялық-курорттық емделуге жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек беру;

ҚМГ жұмыс істемейтін зейнеткерлерін моралдық-психологиялық қолдау көрсетуге арналған ҚМГ мерекелік және салтанатты іс-шараларына шақыру.

#### **4.5. Бірыңғай коммуникациялық стратегия құру**

**Мақсаты:** Мінсіз іскерлік және әлеуметтік бедел қалыптастыру.

**Негізгі міндеті:**

ҚМГ имидждік және коммуникациялық стратегиясын қалыптастыру және іске асыру.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, ақпараттық қызмет мынадай жолдармен ҚМГ имиджін көтеруге ықпал етуге тиіс:

барлық ЕТҰ-мен ақпараттық саясат тұтастығын қалыптастыру және іске асыру;

Мүдделі тараптарға (Стейкхолдерлер) дұрыс, тұрақты, үздіксіз және уақтылы ақпарат, сондай-ақ ҚМГ қызметінің негізгі бағыттары жөніндегі талдамалық зерттеулерді ашу;

мақсатты аудиторияға ҚМГ қызметі туралы қажетті және жеткілікті ақпарат жеткізу;

әлеуметтік зерттеулер мен БАҚ мониторингі негізінде әзірленген PR-бағдарламаларды іске асыру;

оң қоғамдық пікір қалыптастыру;

бренд танымалдылығын және ҚМГ позитивті беделін сақтау;

ҚМГ қызметі мынадай қағидаларға негізделеді:

Барлық Мүдделі тараптармен адалдық, әділдік, шыншылдық және ашықтық қағидаларына негізделген этикалық нормаларды сақтау;

тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы әдейі жалған және тексерілмеген ақпарат таратпау;

меншік құқығын, оның ішінде зияткерлік меншік құқығын сыйлау;

ашуға жататын барлық ақпаратты ашық жариялау.

Имидждік және коммуникациялық стратегияны табысты іске асыру, сондай-ақ тиімділіктік және сапалық беделдік зерттеу жүргізеді.

### **5. КӘЖ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ЕСЕПТІЛІКТІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ**

ҚМГ жыл сайынғы негізде КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы қызметі туралы есептілікті дайындайды.

КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы есептілік дайындау жалпы корпоративтік деңгейде жүргізіледі.

ҚМГ КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы есептілік дайындауды GRI басшылығында, 3.1.- нұсқада баяндалған талаптарға сәйкес жүргізеді.

ҚМГ GRI басшылығында қалыптастырылған КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы есептілік құру қағидаларына, атап айтқанда есеп мазмұнын анықтауға арналған қағидаларға (маңыздылығы, мүдделі тараптарды қамту, тұрақты даму контексі, толықтығы) және есеп сапасын анықтауға арналған қағидаларға (баланстылық, салыстыру, дәлдік, уақтылық, анықтық, сенімділік) бөледі.

ҚМГ КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы есептілігі ең алдымен ҚМГ Мүдделі тараптарына арналған және ҚМГ корпоративтік сайтында жарияланады.

ҚМГ КӘЖ және Тұрақты даму саласындағы есептілігін жыл сайын ҚМГ басқару органдары қарайды.

КӘЖ саласындағы қаржылық емес есептілік кәсіби және тәуелсіз аудит жүйесінен өтуге тиіс.

## 6. ҚМГ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ

Осы Кодексті тиісті орындау мақсатында ҚМГ «ҚМГ ӘЖТД Жол картасы» Бағдарламасын әзірлейді және жүзеге асырады.

ҚМГ-да ӘЖТД тиімді басқару жүйесінің ауқымдылығы мен процестік сипаттамасынан туындай отырып, «ҚМГ ӘЖТД Жол картасын» іске асыру мерзімі 1-3 жыл аралығында есептеледі.

### Мақсаттар:

Мынадай халықаралық стандарттарға негізделген ҚМГ ӘЖТД басқарудың орталықтандырылған интеграцияланған жүйесін енгізу:

- United Nation Global Compact – БҰҰ Ғаламдық шарты.
- SA 8000 – еңбек қатынастары саласындағы кәсіпорындарды сертификаттау стандарты.
- ISO 9000, ISO 14001, OHSAS 18001 – сапаны басқару және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ISO стандарттары.
- ISO 26000 – әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ISO стандарттары.
- AA1000 сериялы стандарттар:
  - AA1000APS – есептілік қағидалары стандарттары.
  - AA1000AS - есептерді растау стандарттары.
  - AA1000SES - мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандарты.
- GRI – «үш бәрлөк» негізінде нәтижеліліктің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қағидалары негізінде әлеуметтік есептілікті стандарттау жүйесі.

### Міндеттер:

Ұлттық мұнай-газ холдингінің ӘЖТД басқарудың, ӘЖТД басқаруда халықаралық стандарттар енгізудің, қаржылық емес есептілік дайындаудың, аудиттің, халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес жауапты персонал біліктілігін көтеру процесін ұйымдастырудың орталықтандырылған интеграцияланған жүйесін құру.

## 7. ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Еркін бәсекелестіктің ерікті қатысушысы және тиімді меншік иесі бола отырып, ҚМГ экономикалық ақталған әлеуметтік және этикалық міндеттемелер алады, бұл міндеттемелерді мынадай экономикалық көздер мен тетіктер пайдалана отырып орындауға ниетті:

### Әлеуметтік шығыстарды үздіксіз бақылауды жүзеге асыру

ҚМГ әлеуметтік шығыстардың тұрақты мониторингін жүргізеді және талдайды, тиімділікті бағалау жүйесінің көмегімен олардың тиімділігін және ҚМГ әлеуметтік қызметіне салынған қаржының жеткіліктілігін бағалайды.

Тиімділікті бағалау жүйесі мыналардан тұруға тиіс:

ұжымдық шарттар бойынша қаржыны пайдалану тиімділігі мен жеткіліктілігін бағалау;  
корпоративтік бағдарламалар бойынша қаржы пайдалану тиімділігі мен жеткіліктілігін бағалау;  
халықпен өзара қарым-қатынас бойынша қызмет тиімділігі мен жеткіліктілігін бағалау;  
әлеуметтік саясатқа салынған қаржыдан ҚМГ капиталдандыруды арттыру тәуелділігін анықтау.

### Корпоративтік денсаулық сақтау жүйесінде медициналық қызмет тұтынуы бақылау

ҚМГ ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасының шеңберінде қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстардың негізсіз өсуін реттеу мақсатында:

өзара іс-қимыл жасайтын медициналық сақтандыру компаниясы арқылы медициналық мекемелердің шоттарын медициналық-экономикалық сараптаманы, медициналық көмектің сапасын жоспарлы және мақсатты сараптаманы, сондай-ақ сақтандырылған қызметкерлерді қорғау бойынша жұмыс шеңберіндегі сараптаманы қамтитын көрсетілетін медициналық қызметтің көлемдерін, мерзімдерін және сапасын сараптық бақылауды жүзеге асырады;

өзара іс-қимыл жасайтын медициналық сақтандыру компаниясынан қаржыландыру көлемдерін келісу кезінде сақтандырылған қызметкерлердің медициналық қызметті тұтыну талдаудан тұратын есеп ұсынуды талап етеді.

### ҚМГ демеушілік және қайырымдылық қызметін жүзеге асыруды бақылау

Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге бөлінген қаржыны бақылау мақсатында

ҚМГ мынадай қағидаларды ұстанады:

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестік;

ҚМГ Даму стратегиясына сәйкестік;

жалпы ҚМГ бойынша шешім қабылдауда ұжымдылық, көмек көрсету процесінің объективтілігі, ашықтығы және есеп беру;

демеушілік көмек жүйелігі мен сабақтастығы;

әлеуметтік әлсіз топтарды атаулы қолдау.

Әлеуметтік инфрақұрылымды ұстауды оңтайландыру

ҚМГ негізгі өндіріске жатпайтын әлеуметтік инфрақұрылымның осы елді мекенде немесе осы салада меншік және мемлекеттік секторлар қызмет көрсетпеудің орнын толтыру мақсатында өте қажет жағдайларда ғана коммерциялық кәсіпорын балансында болатындығын мойындай отырып мыналарға ұмтылады:

Жергілікті мемлекеттік құрылымдардың балансына жұмыс ітеп тұрған немесе жаңадан салынған әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін объекті бейінін, персонал мен жергілікті халықтың көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік деңгейін кепілдендірілген сақтау және оны тиісті күйде сақтау жағдайларында беру;

ҚМГ қызметкерлері мен жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне олардың балансындағы емдеу-сауықтыру мекемелерінің тарапынан басымдықты қамтамасыз ету.

Бірлескен қаржыландыру қағидаларын іске асыру

ҚМГ әлеуметтік көмек көрсету үшін түрлі қаржыландыру көздерін біріктіру фактісінің тең құқылы тараптар диалогына дұрыс негіз қалыптастыратынын мойындайды.

ҚМГ мердігерлермен және жеткізушілермен әлеуметтік жауаптылық қатынастарды дамытады.

Бизнес пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың заманауи стандарттарының тартылған мердігерлер мен жеткізушілердің іс-әрекеттеріне салмақты жауапкершілік жүктейтінін мойындай отырып, ҚМГ оларды таңдауға мұқият және жауапты қарайды.

Экономикалық өзара байланыстардың заманауи ауқымы мен тармақтылығы ҚМГ-дан есепке алу, таңдау және мониторинг жүйесін талап етеді, ҚМГ бұл жүйені тұрақты дамытып отырады. Бұл ретте ҚМГ-ның мердігерлер мен жеткізушілерді таңдаудағы негізгі критерийлері:

олардың Халықаралық Еңбек Ұйымы қабылдаған еңбек саласындағы негізгі қағидалар мен құқықтарды сақтаулары;

өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді саясат жүргізу;

мердігерлер мен жеткізушілерді таңдау ашықтығын қамтамасыз ету;

сатып алу процесіне делделдардың қатысуын барынша азайту.

## **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ**

Әлеуметтік жауапкершілік бойынша қабылданған міндеттемелердің тұрақтылығы мен салмағын куәландыру мақсатында ҚМГ осы Кодексті сақтауды ішкі бақылау тетігін қолданысқа енгізеді. Сонымен қатар ҚМГ жұртшылыққа осы Кодекстің іске асырылуы туралы ақпараттық тұрақты түрде ұсынуға әзірлігін растайды.

Бәсекелес ортада коммерциялық кәсіпорынның әлеуметтік міндеттемелерді бір жақты қабылдау мүмкін еместігін назарға ала отырып, ҚМГ нарықтың басқа қатысушылары мен мемлекет тарапынан мүдделі ынтымақтастық позициясына үміт артады.

ҚМГ басшылығы осы Кодексті және онда декларацияланған міндеттемелерді ҚМГ бюджетіне сәйкес қажетті ресурстар бөлу және қамтамасыз ету арқылы іске асыруға міндеттенеді;

Кодекс ашық құжат болып табылады және ҚМГ әріптестер мен кез-келген мүдделі басқа да тараптар арасында еркін таратады, ҚМГ ҚМГ қызметі туралы жыл сайынғы есептерде Кодексті іске асыру нәтижелерін жариялауды қамтамасыз етеді.